

Көкшетау қаласында 2015 жылға өсімдік шаруашылығының шығымдылығына және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылық дақылдарын себудің оңтайлы мерзімдерін айқындау туралы

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 13 тамыздағы № А-8/1367 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 қыркүйекте № 4976 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, «А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 302 қорытындысының негізінде Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көкшетау қаласында 2015 жылға өсімдік шаруашылығының шығымдылығына және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдері және субсидияланатын басым ауыл шаруашылық дақылдарын себудің оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес а й қ ы н д а л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы 2015 жылғы 1 мамырда туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

*К ө к ш е т а у қ а л а с ы ә к і м і н і ң
А.Смайылов*

Көкшетау

қаласы

әкімдігінің

2015 жылғы

«13» 08

№ А - 8 / 1367

қаулысына

ҚОСЫМША

Көкшетау қаласында 2015 жылға өсімдік шаруашылығының шығымдылығына және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдері және субсидияланатын басым ауыл шаруашылық дақылдарын себудің оңтайлы мерзімдері

№	Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері	Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының оңтайлы себу мерзімдері	Субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдері
1	Жаздық бидай	10 мамырдан бастап 4 маусымға дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін
2	Жаздық арпа	25 мамырдан бастап 7 маусымға дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін
3	Сұлы	25 мамырдан бастап 7 маусымға дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін
4	Қарақұмық	18 мамырдан бастап 30 мамырға дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін
5	Асбұршақ	15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін
6	Нұт	7 мамырдан бастап 25 мамырға дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін
7	Жасымық	20 мамырдан бастап 31 мамырға дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін
8	Зығыр	19 мамырдан бастап 31 мамырға дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін
9	Рапс	15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін
10	Күнбағыс	10 мамырдан бастап 30 мамырға дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін
11	Мақсары	7 мамырдан бастап 25 мамырға дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін
12	Судан шөбі тұқымға	17 мамырдан бастап 25 мамырға дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін
13	Азықтық тарысы, судан шөбі	20 мамырдан бастап 15 маусымға дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін
14	Картоп	10 мамырдан бастап 10 маусымға дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін
15	Қызылша, сәбіз, қырыққабат, қызанақ, кияр, асқабақ, кәді	10 мамырдан бастап 20 маусымға дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін

16	Ерте көктемде себілетін көп дәнді және бұршақ тұқымдас шөптер (мықын, жоңышқа, еркекшөп, эспарцет)	егістікке алғашқы шығу мүмкіндігі болғаннан 30 сәуірге дейін	20 мамырдан бастап 7 шілдеге дейін
----	--	--	------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК